

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСЫН НАҚТЫ, ШЫНАЙЫ КӨРСЕТУДЕ ЛИБЕРАЛДЫҚ, ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ГАЗЕТТЕРДІҢ АТҚАРҒАН ІСІ

Айман Зейнелгабденқызы Жұманова; Асхат Бақытұлы Өмірбаев
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Егемендік алып, етек-жеңімізді жиған тұста қазақ баспасөзі де дамудың даңғыл жолына түскен еді. Аяғын тәй-тәй басқан еліміздегі әлеуметтік-экономикалық, нарықтық қатынастардың бой көрсетуі қарқынды жүрді. Сондықтан Кеңестер одағы құрамында болған мемлекеттердің экономикалық-саяси жағдайына ықпал етіп қана қоймай, бұқаралық ақпарат құралдарына да өз ықпалын жүргізген еді. Шүкір, тәуелсіздік алған жылдары осы қасаң қағида сейіліп, ашықтық пен жариялылық бой көрсете бастады. БАҚ-ты кеңестік дәуірдегі қатал шектеу саясаты алынып тасталып, оның орнына БАҚ арқылы сөз бостандығын, еркін пікір бәсекесін кеңейту саясаты жүргізілді.

Әр азаматтың, жекелеген топтардың құндылықтары мен идеялары сөз бостандығы арқылы азаматтардың санасына сіңіп, БАҚ арқылы жете түсіндірілді. Алуан түрлі көзқарастар, қарама-қарсы позициялар БАҚ-та өзара бәсекеге түсіп, халық солардың ең әділін, тиімдісін мемлекеттің даму тетіктерін жетілдіруге қолданды. Сондықтан болар, сөз бостандығы барда БАҚ халық мүддесінің, оның билікті бақылауының айнасы болып табыла бермек. Демократиялық мемлекетке бастайтын сөз бостандығының және еркін БАҚ-тың маңызына кепілдік беретін Қазақстан Республикасының Конституциясында «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар»[1, 11], – деп көрсетіледі. Яғни, Қазақстанда сөз бостандығына және БАҚ дамуына конституциялық кепілдіктер беріледі.

Қазақстандағы социалистік таңдаудан және Кеңес Одағынан бас тартқан саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар түгел дерлік демократиялық мемлекет болуды Қазақстанның тәуелсіз мемлекетінің нақты таңдауы болуы керек деп есептеді. Қазақстанның саяси күштерінің мақсаттары 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясында өз көрінісін тапты. Елдің тұңғыш Ата заңының преамбуласына Қазақстан әлемдік қауымдастықтың құрамдас бөлшегі және оның мақсаты демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құру деп жариялады[2, 32].

Демократиялық, өркениетті мемлекеттер қазіргі ақпараттық революция жағдайында өзінің жетістіктерін, өзінің тәртіптерін әлемнің басқа мемлекеттеріне тез таратуға мүмкіндік алуда. Қазақстан халқы да елдің ашық қоғам орнатуы жағдайында Батыстық демократия плюреалистік моделін тез қабылдауда. Демократиялық биліктің идеалды модел еместігі де белгілі. Алайда адамзаттың саяси тәжірибиесінде плюреалистік демократиядан асып түскен биліктің әділетті моделі болған жоқ. Бұл биліктің де осал тұстарын тізбектеп айтуға болады. Сонымен бірге плюреалистік демократияның әлемдік саяси тәжірибедегі ең озық үлгі екендігі күдік тудырмайды. Ақпараттық алмасуды жеделдету саяси партияларға билікпен, халықпен және өзінің мүшелерімен жылдам қарым-қатынастар орнатуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда 1991 жылдан бастап экономикалық жүйенің алмасуымен қатарласа саяси жүйенің де ауысу процесі жүрді. 1991 жылдың тамыз айынан басталған тәуелсіздік, 1995 жылғы тамыз айындағы Қазақстан Республикасы Конституциясы қабылданғанға дейін өзінің ең қиын сынағынан өтті. Сол себепті сарапшылардың көпшілігі 1991-1995 жылдарды елдегі өтпелі кезеңнің сатысы, немесе тәуелсіз мемлекет ретінде-

гі дамудың бірінші кезеңі деп бағалайды. Осындай елеулі қиыншылық жағдайында Қазақстанның жаңа мемлекеттілігін құру ісі басталды. Экономикадағы жағдайы толық хаос десе болады. Гиллер институты жүргізілген әлеуметнамалық талдау 1994 жылдың орта шенінде Қазақстандағы қала тұрғындарының 69 пайызының жағдайы кедейленіп және қайыршыланып кеткен, 18 пайыздай қалалықтар бұрынғы өмір сүру деңгейін сақтаса, жағдайымыз жақсарды дегендер 11 пайыз ғана болған[3, 554].

Ел боламыз ба, әлде бордай тозамыз ба, деген сауал сол нарық заманында әр саналы адамның басында жүргені анық. Осы тұста тәуелсіз басылым тілшілері елдегі жағдайды суреттей бастады.

«Бізде көптеген адамдар болашақтан қорқады. Оны жоғалтып алдық. Бұрын ол бір елес ретіндегі жоспар түрінде болатын. Ертеңімізден көп нәрсе күттік. Бірақ сол үшін адамдар көп қиыншылықты бастан өткізді. Олар болашаққа сенді. Қазір ол да жоқ».

«Сөйтіп адам дал болды. Ол өз жағалауын жоғалтты, өзгесін таба алмады. Оның бір бөлігі дегенмен де жақын жағалауға жетті де – өз ісін ашты, кәсіпкерлікпен айналысты. Оларға қызғанышпен қарауға болады – олар жер бетінде нық тұрды. Бірақ көпшілігі... Ол тіпті дал да болған жоқ, үн-түнсіз қалды. Сол үнсіздіктен әлі шыға алмай келеді. Адамдар әлі толыққанды өмір сүруге болатындығын сезінбей келеді».

«Ел тұрақтанып келеді. Тұрақтылық экономикада да, сондай-ақ адамдар санасында да орын алуда. Әрине, келесі қадам жасалуға тиіс. Адамдарға ең бастысы – рынок барекенін сезінуге мүмкіндік беру керек, бұл дегенің нақтылы экономикалық еркіндіктің, жасампаздықтың мүмкіндігі, бұл дегенің өз тәуекеліңе жауап беріп, бизнеске көршілеріңді, ағайын-туғандарыңды, жолдастарыңды тарту деген сөз».

«Өмір сүру керек. Алаңсыз өмір қуудың да, қашудың да, қызғанудың да, әбігерге түсудің де қажеті жоқ. Қуануың керек, өйткені екі аяғың мен екі қолың және басың бар, ол әзірше ақылсыз да емес. Өмір сүру керек. Қалыпты өмір. Мүмкіндігінше көңілді өмір сүру керек».

«Бүгінгі жағдайды мен өзім үшін сындарлы жайбарақаттық деп білемін. Егер көптеген жылдар бойы біздің әрбір күзде сыбағамызды берсе, біз үйреншікті қорқынышпен тамыз-қыркүйек айын күтсек, енді қалай десек те тыныштық және мұндай сындарлы тыныштық өзінің тамаша жемісін де береді».

Міне, осындай несиеленген мүмкіндіктер жағдайы – бұл болашақтан үміт күтер қоғамға тән, онда бүгінгі болмыс мүмкін болар болашақтың «трамплині» есебінде қаралды. Бұл – ертеңгі күн идеологиясы.

Қазақстанда мемлекеттік саясатта «алдымен экономика, одан кейін саясат» принципінің үстемдігі таңдалды. Сол себепті 1991-1995 және екінші 1995-2000 жылдардағы кезеңдерде экономиканы модернизациялану міндеттері алдымен шешілді. Саяси жүйені рефорлау және қоғамдық өмірді демократияландыру міндеттері экономикалық міндеттерге бағындырылды. Соның нәтижесінде 1997 жылдан бастап Қазақстан экономикалық дамуы тұрақтандырылды. 1998-2000 жылдар аралығында тұрақты даму экономиканың жылдам қарқынмен дамуына ұласып Қазақстан 15 жылдың аралығында орташа дамыған елдер қатарына кіріп үлгерді. Қазақстандағы демократиялық реформалардың тереңдеуінің басталуын неге 1997 жылғы «Қазақстан 2030» бағдарламасымен байланыстырамыз деген заңды сұрақ туады. Оның себебі 1997 жылға қарай Қазақстан экономикалық дағдарысты еңсеріп тұрақты экономикалық даму жолына түсті. 1997-2006 жылдар аралығында елдің жиынтық ішкі өнімнің өсу мөлшері 9-11 пайыз аралығында болды. Демек, президенттік «алдымен экономика одан соң саясат» идеясы жүзеге асу жағдайы қалыптасты. Қазақстандағы демократиялық үрдістердің тереңдей түсуі 2000 жылдың бас кезінде Қазақстанның саяси өмірінде оппозициялық партиялардың өз нишасын табуына әкеледі. Елімізде либералдық құндылықтарды жақтайтын, социал-демократия моделін қолдайтын және социалистік қоғамды ренимациялауды қалайтын үш

топтағы оппозициялық партиялар қалыптасты. Қазақстан қоғамы оппозициялық партияларды жат саяси күш ретінде сыртқа тепкен жоқ. Оппозициялық партиялар өздерінің қаржылық, кадрлық және идеологиялық потенциалдарына қарай ел электоратының белгілі бір бөлшегін өз соңдарынан еріте білді. Қазақстандағы саяси партиялардың басым көпшілігінің халық алдында беделге ие бола алмауы салдарынан ел өмірін демократияландыру үрдісінде елеулі олқылықтарға жол берілді. Өтпелі кезеңдегі саяси өмір ерекшеліктері жайында Н.Ә. Назарбаев «Өкінішке орай, осы уақытқа дейін саяси партиялар өсудің ауруын жеңе алған жоқ. Демократияны қабылдау және импорттау мүмкін емес. Ол нығаюы керек, өмір образына айналуы керек, бұқара мен лидерлердің ойлау жүйесіне айналуы керек, қоғамды біріктірудің, ұйымдастырудың және басқарудың құрамына айналуы керек»[4, 3] – деп атап көрсетеді.

Демократиялық және өркениетті мемлекет орнатудың негізгі фундаменті сол елдің экономикалық дамудағы жетістіктері. Қазақстанның дағдарыстық ахуалдан тез шығып, халықтың материалдық әл-ауқатының жақсара түсуі елдің демократиялық мемлекет құруға құлшынысын жеделдете түсті. Егер 1997 жылы елдің жан басына шаққандағы жиынтық ішкі өнімі 500 АҚШ доллары болса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 6200 долларға жетті[5, 3]. Демек он жыл мерзімінде ел халқының материалдық ауқаты түбегейлі жақсарды деп есептеуге болады. Қазақстан басшылығы елдің даму тынысын жақсартудың, өсу қарқынын төмендетпеудің жолы – экономикамен қатарлас саяси жүйені де реформалау деп түсінеді. Ал саяси жүйені реформалау билікті және қоғамдық қатынастарды демократияландыруға негізделеді.

Белгілі ағылшын философы Поппер Карл Раймунд өзінің кең танымал «Ашық қоғам және оның жаулары» атты еңбегінде демократиялық басқару теориялары өзінің тамырын ертедегі грек ойшылдары Платон мен Аристотелден бастау алатындығын ескертеді. Ол тиранияның жаманшылығын айтады. Тиранияны болдырмау, немесе оған қарсы күрес ұйымдастыру, – дей отыра, – үкіметтің екі типін атауға болады. Бірінші типі – қантөгіссіз жалпыға бірдей сайлау жолымен құтыла алатын үкіметтер. Бұл жағдайда қоғамдық институттар азаматтардың дауыс беруі арқылы биліктегілердің орнынан кетуінің жолдарын қамтамасыз етеді. Ал қоғамдық дәстүрлер осы қоғамдық институттардың билік басындағылардың әрекетімен күйремеуіне кепілдік береді. Екінші типі – басқарылатындардың тек төңкеріс жасау арқылы ғана құтыла алатын, немесе ешқашан құтыла алмайтын үкіметтері. «Демократия» дегеніміз бірінші типтегі үкіметтердің қысқаша сипаты, «диктатура» – екінші типтегі үкіметтер»[6, 165] – дейді.

Өтпелі кезеңде басқарушы элита Қазақстанның шындықтарына сәйкес демократиялық мемлекет құруға ұмтылғанын бұл пікірден анық байқаймыз. Әрбір әлеуметтік топтың қоғамда өзіне тән орны мен рөлі болады. Саяси партияның осыны дөп басуы маңызды. Мүдделі топтардың демократияны қабылдауы, оның білгілі бір деңгейде болуына мүдделілігі олардың әлеуметтік мақсат – мұраттарына тәуелді еді. Қазақстандағы партиялық құрылым та басқарушы элитаның ықпалымен жүргенін айтқан жөн. Тәуелсіз мемлекеттің дамуы барысында партиялардың топтасуы мен қайтадан топтасуы құбылыстары болып жатты. Партиялар «оңшылдар», «солшылдар», «центристер», «демократтар» мен «социалистер» деп бөлінді. Кейінірек «пропрезиденттік» және «оппозициялық» партияларға бөлінді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының бастап-ақ Қазақстанда пропрезиденттік бағыттағы партиялардың күшті коалициясы құрылды. Олардың қатарында әр жылдарда ҚХБО, Аграрлық, Асар, Азаматтық және «Отан» партиялары болды. Пропрезиденттік партиялары бірігіп тіптен күшейе түсті. Олардың мүшелерінің саны 660 мың адамнан асып, 2007 жылғы парламент сайлауында 88 пайыз сайлаушылар дауысына ие болды.

Сонымен бірге елдегі демократиялық құрылыстың қалыптаса бастауына оппозициядағы партиялар да өз үлестерін қосты. Әсіресе, 90-шы жылдардың ортасында құрылған Қазақстанның республикалық халық партиясының (ҚРХП, РНПК) рөлі күшті

болғанын айту жөн. Оппозиция лидерлерінің бірі Әміржан Қосанов, – «ҚРХП демократиялық ұйымдардың қалыптасуы үшін құрылыс материалына айналды. Ол ҚДТ, «Алға», «Нағыз Ақ жол», БСДП т.б. саяси партияларға кадр дайындады»[7, 3] – деп жазды.

Қазақстанның Конституциясында социализм мен социал – демократия идеялары алынып тасталды. Алайда әлеуметтік мемлекет, азаматтық қоғам, адам құқықтары мен бостандықтары, билік тармақтарының бөлінуі мен өзара жауаптылығы, саяси жүйені демократияландыру мен саяси плюреализм туралы конституциялық ұстанымдар Қазақстан Конституциясында социал – демократия идеяларының өз көрінісін тапқандығын дәлелдейді. Қазақстан қоғамы үшін социал – демократия доктриналарында орын алған құндылықтар мен мақсат – мұраттардың бөлек болмағандығын елдегі саяси партиялар атауларынан көреміз. Мысалы, еліміздегі тұңғыш құрылған саяси партия Қазақстанның социалистік партиясы (1991 жылы қыркүйек), деп аталса, оның алдында Қазақстанның социал – демократиялық партиясы (1990 ж. мамыр) құрылды. Ал, 2003 жылғы сәуірде «Ауыл» Қазақстанның социал – демократиялық партиясы, 2006 жылы қыркүйекте Жалпыұлттық социал – демократиялық партия құрылды. Сонымен Қазақстанда әр жылда қызмет еткен 20 шақты саяси партияның 4-нің атауы мен мақсаты социал – демократия мақсаттарымен тамырлас болды.

Ал бүгінде елді жаңғырту үдерісінің аса маңызды барша өлшемдері белгіленген кезде және кейбір міндеттер мен жауапкершіліктерді Президент пен Парламенттің арасында қайта бөлген жөн болатындығы билікте қызу талқыға салынған басты мәселе. Осы орайда Елбасы Парламентте Конституцияға республика президенттік болып қалатын, бірақ Парламенттің өкілеттіктері елеулі түрде кеңейетін осындай өзгерістер енгізу жолымен жүруді ұсынды. Бұл іс жүзінде республиканың моделін президенттіктен президенттік-парламенттік модельге көшіретіндігін мәлімдеді[8, 5].

Бір айта кетерлігі, қоғамдағы ашықтық басылымдардың батыл әрекетке баруына, шындықты бүкпесіз айтуға дағдыланды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміздегі халықтың төмен тұрмысы, биліктің экономикалық шаралар ұйымдастыруға дәрменсіздігі сыналса, кейіннен шетелден келген инвестициялық жобалардың басым бөлігі жатжерліктердің қолына өтіп кеткендігі әшкере болды. Тіпті, президент отбасы мүшелерінің іс-әрекетін сын тезіне алған басылымдар да кездесті.

Соңғы айларда тек қазақстандық емес, сондай-ақ бүкіл әлемдік ақпарат құралдарында сенсациялық та ақпараттық та материалдарға арқау болған «Банк ісі» атауымен шулы болған оқиға еді. Еліміздегі ірі медиахолдингінің иелерінің бірі – Рахат Әлиев үстінен қозғалған қылмыстық іс енді ірі медиамагнаттың қазақстандық ақпарат алаңынан шеттетілуінің басты себебіне айналды. Жалпы, елдегі ең тиражы үлкен басылымдардың бірі «Караван» газеті мен аудиториясы ауқымды «КТК» телеарнасы енді Дариға Назарбаеваның тікелей бақылауында болады. Бұл шулы істі бұқаралық ақпарат құралдарының бірде бірі айналып өтпегені мәлім. Соңғы екі ай жүзінде қазақстандық масс-медиаарды циклдық материалдар легін тудырған Президент күйеу баласының үстінен қозғалған іс болып отыр[9, 5]. Қазақстандық элитаның ақпараттық қорлары аса ауқымды әлеуетке ие және функционалды дамуда. БАҚ-тағы өте қатаң бәсекелестіктің тууы тек нарықтық қана емес кәсіби талаптар да қоя бастады. Мұндай талаптар масс-медиадағы саяси коммуникацияның дамуына жаңа серпін берді. Журналистика енді өздерінің медиа магнаттарының мүддесін қорғаушы құралға айналғандай, ал ақпараттың «объективтілігі» кей жағдайда басқарушы позициясына сәйкес кадрдан тыс қалып жатты.

Бүгінде саяси ақпарат алмасу және саяси хабарлама тарату процесінде байқалып отырған бірқатар тенденцияларды атауға болады: мемлекеттік саясаттың позитивті саяси ақпараттық ағынын қалыптасырушы «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Алматы ақшамы», «Нұр Астана», «Вечерняя Алматы» газеттері, «Ақиқат»,

«Простор» қоғамдық-саяси журналдары, республикалық, аймақтық деңгейдегі басқа да бұқаралық ақпарат құралдары; өздерін тәуелсіз БАҚ санайтын оппозициялық бағыттағы БАҚ: «Жас алаш», «Ақ жол Қазақстан», «Караван», «Время», «Сөз», «Эпоха», «31 радио», «31 арна» және т.б.; партиялық сипаттағы «Экспресс К», «Ақ жол Қазақстан», «Дала мен қала», «Республика», «Қазақстан» және басқа да басылымдар; мемлекеттік билік саясаты мен оппозициялық сарындағы саяси ақпараттарды беруде бейтарап бағыт ұстанып, либералдық көзқарас танытып отырған басылымдар «Жас қазақ», «Түркістан», «Мегаполис», «Новое поколение» апталықтары, «Технологии управления», «Эксклюзив» сияқты сараптамалық журналдар; саяси жедел ақпараттар ағынын объективті жеткізу бағытындағы соңғы бір-екі жыл мерзімінде жарық көріп отырған күнделікті газеттер «Айқын», «Литер» сияқты басылымдар. Жалпы, Қазақстандағы БАҚ нарығының дамуы ақылы мақалалардың болуымен, өзіндік цензурамен, БАҚ-тағы ақылы мақалаларға мемлекеттік тапсырыстың болуымен сипатталады. БАҚ-тың монополизациясы, ақылы мақалалардың жариялануы, қазіргі заманғы PR-технологиялар жайлы түсініктің әлсіздігі, БАҚ қызметіндегі экономикалық модельдің жетілдірілмеуі, бизнестің қажетінше саясиленуі бұқаралық коммуникация құралдары нарығындағы жағымсыз тенденциялар деуге болады[10].

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қоғамда біздің мемлекет болуымызды, елдің тұтастығын қаламайтын әртүрлі күштер, саяси топтар болды. Олардың кейбіреуі тіпті заңды түрде тіркеліп алып, ашықтан ашық біздің мемлекеттік тілімізге қарсы шығып жүрді. Ондайлар онысымен қоймай, еліміздің басқа этнос өкілдері көбірек тұратын өңірлерінде референдум өткізіп, Қазақстанның құрамынан шығып, басқа көршілес мемлекетке телінуге шақырып, жұртты азғырды. Бұрынғы Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі әсіресе экономикалық дағдарысты, әлеуметтік тұрмыстың тым төмендеп кеткенін пайдаланып, «Қазақстан өз бетінше мемлекет бола алмайды» деп сәуегейлік уағыз жүргізіп, жаңа құрылып жатқан мемлекеттік билік институттарына, Үкіметке, Жоғарғы Кеңеске, тіпті кей жағдайда Президентке де соқтығып, сенімсіздік туғызып, ел ішіне жік салып, мемлекеттігімізге қарсы әрекет жасады[11, 4].

Қазақстандағы билік пен бұқара, элита мен контрэлита, оппозиция мен саяси партиялардың арасындағы қарым-қатынас, оның таяу болашағын болжаған дөңгелек үстөлде саясаттанушы ғалымдар талқылаған басты мәселеге айналды. Осы ресми жиында саясаттанушы Досым Сәтпаев былайша қорытындылаған-ды: «Бүгінгі таңдағы контрэлита қалыпты позиция ұстана отырып, билік пен оппозиция арасындағы келісім рөлін атқаруы тиіс. Бұл топ қаржы, ұйымдастырушылық сектордағы әлеуетті болуымен қатар заңды түрде саяси қызметке араласу мүмкіндігіне ие болып отыр»[12, 15]. Бүгінде даму стратегиясының жоқтығы, өз әлеуетін артық санаған, элита топтармен байланыстың қажеттігін бағаламаған оппозицияның қазіргі жағдайы мен болашағы билікпен қарым - қатынасына және де өзіндік модернизацияға байланысты болмақ деп тұжырымдаған саясаткер ғалымдар саяси партиялардың да қоғамдағы рөліне тоқталады.

Саяси партиялардың билік пен парламент арасындағы коммуникациялық стратегиясында айтарлықтай оң өзгерістер байқалуда. Бұл тенденциялар сайлау жүйесінің реформалануы, парламент рөлінің функционалдығының артуы, плюреалистік ақпараттық кеңістіктің дамуы, элита топтардың қысым көрсету аясының тарылуынан байқалады. «БАҚ туралы» заң жобасының қызу талқыланғаны ақпараттық кеңістіктегі басты мәселеге айналды. Бірнеше рет Парламентке ұсынылып, қабылданған заңның плюреалистік ақпараттық кеңістікті дамыту әлеуетінің әлі де болса кем түсіп жатқаны шындық. Бұл тек мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына ғана емес, партиялық жүйенің дамуына да кері әсерін тигізбек.

ҚР тәуелсіздік алғаннан бері елімізде Президенттік, Парламенттік саяси институттары, сайлау жүйесі, көппартиялық жүйенің қалыптасу тенденциясы байқалуда. ҚР Президенттік институт экономикалық және саяси реформаларды жүргізуде, егемен

елдің мемлекеттігін құруда өзінің орындылығы мен тиімділігін дәлелдей алды. Демократиялық саяси жүйенің билікті бөлісу, демократиялық сайлау жүйесі және азаматтық қоғам секілді базалық институттарымен табиғи түрде байланысты орнатуда президенттік институттың орасан зор әлеуеті бар.

«Біздің баршамыздың міндетіміз – ешқашан да, ешқандай жағдайда да өз елімізде берекесіздікке жол бермеу. Қоғамдық тұрақтылық, заңның үстемдігі, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, сондай-ақ Қазақстанның жаңа геосаяси рөлі мен жауапкершілігі – міне, бұлар демократиялық өзгерістердің тиімділігінің кепіліне, оның басты өлшемдеріне айналмақ»[13, 30], – деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев Парламенттегі сөзінде.

Демократиялық мемлекеттің тіректі белгілерінің бірі сөз бостандығы және бұқаралық ақпарат құралдарының еркін дамуы. Олай болуы аталған үрдістердің түрлі әлеуметтік топтардың, этникалық құрылымдарының және жалпы халықтың сан қырлы мүдделерінің қоғам мен мемлекет назарына ілігуін және қорғалуын қамтамасыз етуіне байланысты. Мүдделі топтардың мақсаттары, құндылықтары мен идеялары сөз бостандығы арқылы азаматтардың санасына жетеді және БАҚ арқылы түсіндіріліп, насихатталады. Түрлі көзқарастар, қарама-қарсы позициялар БАҚ-та өзара бәсекеге түсіп, ел халқы солардың ең әділін, ең тиімдісін және пайдалысын мемлекеттің даму тетіктерін жетілдіруге пайдаланады. Сондықтан сөз бостандығы мен БАҚ халық мүддесінің, оның билікті бақылауының айнасы болып табылады. Биліктің бүкіл қызметін талдап, оның кемшілігін қоғамға көрсету арқылы БАҚ қарапайым халық мүддесін қорғаушы ретінде қызмет атқарады. Билік пен БАҚ перманентті түрде біріне-бірі әсер етіп, қатарласа өмір сүреді. БАҚ билікті сынауға, қоғамдағы кемшіліктер мен қайшылықтарды ашып отыруға қабілеттілігі оған «төртінші билік тармағы» деген бейресми атауды әперді. Саяси сферада БАҚ шын мәніндегі «төртінші билік тармағына» айналған мемлекеттерді толыққанды демократиялық мемлекеттік деп санауға болды. Сөз бостандығы мен БАҚ-тың демократиялық құндылықтар екендігін Қазақстанның басқарушы билігі жақсы түсінеді [14].

1995 жылғы Конституция елдегі саяси реформаларға ғана емес, саяси партияларда да заңдық кеңістікте қызмет етуіне жағдай туғызды. Қазақстандағы саяси реформалар Батыс демократиясының негізгі бағыттары мен стандарттарын қабылдады. Алайда олар сол қалпында қайталанған жоқ. Қазақстанның демократияға жылжуының және саяси партиялары құрылысының өз жолы болды. Н. Назарбаев демократияландыру – түбегейлі соңғы қалпы жоқ, ұзақ процесс. Ол қоғам мен адам өмірінің барлық сфераларындағы кешенді міндеттерді үздіксіз шешу, демократия декреттермен орнатылмайды, оны өмір жасайды»[15], – деп ескертеді.

Демократиялық мемлекет құру ең алдымен ел халқының демократия принциптерін ұғынып, соларға ден қоюынан басталды. Халық арасында демократиялық мемлекетті уағыздайтын, түсіндіретін және қалыптастыратын бірден-бір күш саяси партиялар болып табылады. Себебі, саяси партиялар халықтың өз ішінен шыққан оның саяси белсенді бөлшегі. Олар үшін демократиялық бостандықтар өзінің саяси мақсат – міндеттерін іске асыру үшін қажетті. Сол себепті саяси партиялар демократиялық мемлекет үшін күресуі, демократияны өзінің өмір сүруінің негізгі кеңістігі деп таниды.

Қазақстанның саяси кеңістігінде соңғы 20 жыл ішінде қызмет еткен 25 саяси партияның бағдарламаларында демократиялық мемлекет күн тәртібінде болуы мәселенің ел үшін тағдырлық маңызын анықтаса керек. 2007-2009 жылдарда ресми қызмет еткен Қазақстанның 10 саяси партиясының 6 – ның атауында демократия сөзінің тұруы еліміздегі шешуші саяси күштердің демократиялық мемлекетке бетбұрыс жасағандығын дәлелдесе керек. Елдегі билік партиялары да оппозициялық партиялар да демократиялық мемлекеттің Қазақстан үшін тағдырлық маңызға ие екендігіне, дамудың негізгі жолы екендігіне күдік келтірмейді. Демократияландыру үрдісін күшейтуде «Отан»

(Отчизна) РСП шешуші рөл атқарды. Демократияның қазақстандық моделінің қалыптасуына және насихатталуына елеулі үлес қосқанда осы партия болды. Партия бұқара халықпен аса тығыз жұмыс жасау әдістерін іске асырды. Билік институттарының қызметін бақылауды, олардың заң шеңберінде жұмыс істеуін қадағалауды жолға қойды. Партия функционерлері электоратпен жиі кездесулер өткізіп отырды. БАҚ-пен тығыз байланыс жасалды. «Отан» РСП лидері Елбасының болуы Қазақстан халқының оған деген сенімін күшейте түсті. Ең бастысы бұл партияның Қазақстан қоғамының барлық салаларын жаңартудың кешенді және саяси - әлеуметтік шындыққа сәйкес «Қазақстандық жол» (2009 бағдаламасы) атты тұғырнамасы болды [16, 151].

Қорыта айтқанда, Қазақстан мемлекетінде демократияның алғышарттары жасалды. Әйтсе де, жылдар өткен сайын оппозициялық басылымдардың жабылып, басшылары қуғынға ұшырауы белең алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 1999.
2. Токвиль А де. О демократии в Америке. – М.: Прогресс, 1982.
3. С. Харченко. Бақ – қоғамның әлеуметтік психологиялық бейнесінің авторы. // Ақиқат, № 1. 2011 ж.
4. «Нұр Отан» партиясы дамудың жаңа кезеңі. // Егемен Қазақстан, 2008. 6 тамыз.
5. Жаксыбеков А. О стратегическом партнерстве: Россия главный приоритет Казахстана // Аргументы и факты Казахстан, 2009. № 16.
6. Поппер К. Открытое общество и его враги. Т. 1: Чары Платона. Пер. о англ. под. ред. В.Н. Садовского. – М.: Феникс, 1992.
7. Мұхамедов М. Идеология – мемлекет дамуының басты құралы. // Айқын, 2009. 5 мамыр.
8. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі – Еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту // Қазақпарат, 2007 ж. 17 мамыр.
9. Қуатайұлы Е. «Банк ісі». // Жас қазақ, 25 мамыр, 2007; Новость дня: Перед законом все равны! // Время, 24 мамыр; Жемков Р. КТК возварашается, но без новостей. // Время, 5 маусым, 2007; Ергалиева Г. Питбуль семьи. // Свобода слова, 24 мамыр, 2007.
10. Сұлтанбаева Г. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси коммуникация // intelligent.kz
11. Сұлтанов Қ. «Ұлт келбеті». // Егемен Қазақстан, 2010 жыл.
12. Сатпаев Д. Характеристика политической системы Казахстана с точки зрения ее легитимности. // Материалы круглого стола «Перспективы политических реформ в Казахстане: потенциал, ресурсы, факторы». 18 ақпан, 2004.
13. Ақылбаев С. З. Сөз бостандығы мен БАҚ жүйесін дамыту-демократияны дамыту.
14. ҚР Президентінің akorda.kz сайтының басты ресми жаңалықтары. 16 мамыр, 2007
15. Айхан Шәріп, БАҚ дегеніміз – бақыт сөзінің қысқа құсқасы // Айқын. 05.11.2013.
16. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Өнер, 1996.